



МӘДЕНИ МҰРА
ғылыми журнал

КУЛЬТУРНОЕ НАСЛЕДИЕ
научный журнал

CULTURAL HERITAGE
science journal

ISSN: 3006-1377 (online)

№2 (113)

Астана
2026

РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА:

ӘБДІҒАЛИҰЛЫ
Берік

– саяси ғылымдар кандидаты, алқа төрағасы (Қазақстан)

ИБРАЕВА
Ақмарал Ғосманқызы

– алқа төрағасының орынбасары, Қазақстан ұлттық жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан)

ТАЙМАҒАМБЕТОВ
Жәкен Қожахметұлы

– ҚР ҰҒА академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан)

САМАШЕВ
Зайнолла Самашұлы

– тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан)

АЯҒАН
Бүркітбай Гелманұлы

– ҚР ҰҒА құрметті академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Еңбек сіңірген қайраткері (Қазақстан)

ОҢҒАРҰЛЫ Ақан

– тарих ғылымдарының кандидаты (Қазақстан)

ҮМІТҚАЛИЕВ
Ұлан Үмітқалиұлы

– тарих ғылымдарының кандидаты, профессор (Қазақстан)

ИСМАИЛОВА
Жанат Хамидовна

– тарих ғылымдарының докторы, профессор (Өзбекстан)

ЦЗИ Сяофен

– PhD докторы (Қытай)

ВОЛЬФРАМ Сабине

– PhD докторы (Германия)

ШТЕЙН Гил

– PhD докторы (АҚШ)

ОУТРАМ Алан

– PhD докторы (Ұлыбритания)

ШОМФАЙ Иштван

– PhD докторы (Венгрия)

ӘБДУАҚАП Қара

– PhD докторы (Түркия)

ДАВЫДОВ
Владимир Николаевич

– әлеуметтану ғылымдарының кандидаты, PhD докторы (Ресей Федерациясы)

АҒАТАЙ
Өткірбай Мылтықбайұлы

– PhD докторы (Қазақстан)

ДУВАНБЕКОВ
Руслан Сабырұлы

– PhD докторы (Қазақстан)

ИСКАКОВ
Қуаныш Алдабергенұлы

– PhD докторы (Қазақстан)

EDITORIAL BOARD:

Berik Abdygaliuly	– candidate of Political Science (Chairman of the editorial board) (Kazakhstan)
Akmaral Ibrayeva	– deputy chairman of the editorial board, Academician of the National Academy of Natural Sciences of Kazakhstan, Doctor of historical sciences, Professor (Kazakhstan)
Zhaken Taimagambetov	– academician of NAS RK, Doctor of Historical Sciences, Professor (Kazakhstan)
Zainolla Samashev	– doctor of Historical Sciences, (Kazakhstan)
Ayagan Burkitbay	– Honorary Academician of the NAS RK, doctor of Historical Sciences, Professor, Honored Worker of RK (Kazakhstan)
Ongaruly Akan	– candidate of Historical Sciences (Kazakhstan)
Umitkaliev Ulan	– candidate of Historical Sciences, Professor (Kazakhstan)
Ismailova Zhanat	– doctor of Historical Sciences, Professor (Uzbekistan)
Ji Xiaofen	– PhD (China)
Wolfram Sabine	– PhD (Germany)
Gil Stein	– PhD (USA)
Alan Outram	– PhD (UK)
Somfai Istvan	– PhD (Hungary)
Abdulvahap Kara	– PhD (Turkey)
Davydov Vladimir	– candidate of Sociological Sciences, PhD (Russian Federation)
Agatay Otkirbay	– PhD (Kazakhstan)
Duvanbekov Ruslan	– PhD (Kazakhstan)
Iskakov Kuanysh	– PhD (Kazakhstan)

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ:

ӘБДІҒАЛИҒҰЛЫ
Берік

– кандидат политических наук (председатель коллегии) (Казахстан)

ИБРАЕВА
Акмарал Госмановна

– заместитель председателя коллегии, Академик Казахской национальной академии естественных наук, доктор исторических наук, профессор (Казахстан)

ТАЙМАГАМБЕТОВ
Жакен Кожаметович

– академик НАН РК, доктор исторических наук, профессор (Казахстан)

САМАШЕВ
Зайнолла Самашевич

– доктор исторических наук, профессор (Казахстан)

АЯҒАН
Буркитбай Гелманулы

– Почетный академик НАН РК, доктор исторических наук, профессор, Заслуженный деятель РК (Казахстан)

ОНГАРУЛЫ Акан

– кандидат исторических наук (Казахстан)

УМИТКАЛИЕВ
Улан Умиткалиевич

– кандидат исторических наук, профессор (Казахстан)

ИСМАИЛОВА
Жанат Хамидовна

– доктор исторических наук, профессор (Узбекистан)

ЦЗИ Сяофен

– PhD доктор (Китай)

ВОЛЬФРАМ Сабине

– PhD доктор (Германия)

ШТЕЙН Гил

– PhD доктор (США)

ОУТРАМ Алан

– PhD доктор (Великобритания)

ШОМФАЙ Иштван

– PhD доктор (Венгрия)

КАРА Абдукап

– PhD доктор (Турция)

ДАВЫДОВ
Владимир Николаевич

– кандидат социологических наук, PhD доктор (Российская Федерация)

АГАТАЙ
Уткирбай Мылтыкбайулы

– PhD доктор (Казахстан)

ДУВАНБЕКОВ
Руслан Сабырулы

– PhD доктор (Казахстан)

ИСКАКОВ
Куаныш Алдабергенович

– PhD доктор (Казахстан)

МАЗМҰНЫ / CONTENT / СОДЕРЖАНИЕ

Музей ісі / Museology / Музейное дело

<i>Әбдіғалиұлы Б., Кадримбетова Н.</i> Музей кеңістігіндегі тас мүсіндер: ғылыми зерттеу және экспозициялау мәселелері	
<i>Әбдіғалиұлы Б., Кадримбетова Н.</i> Каменные изваяния в музейном пространстве: вопросы научного изучения и экспонирования	
<i>Abdighaliuly B., Kadrimbetova N.</i> Stone statues in museum spaces: issues of scholarly research and exhibition...	8
<i>Каженова Г.Т., Акжасарова А.К.</i> Визуальные стратегии Национального музея Республики Казахстан в контексте формирования национальной идентичности	
<i>Каженова Г.Т., Акжасарова А.К.</i> Ұлттық бірегейлікті қалыптастыру контексіндегі Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінің визуалды стратегиялары	
<i>Kazhenova G.T., Akzhasarova A.K.</i> Visual strategies of the National museum of the Republic of Kazakhstan in the context of the formation of national identity.....	24
<i>Тынайқұлова М., Мұхтарова Г., Кадримбетова Н.</i> Reconstruction and museumification of the remains of the Golden Man: contemporary methods of research and digitalization	
<i>Тынайқұлова М., Мұхтарова Г., Кадримбетова Н.</i> Алтын адамның қанқа сүйегін жаңғырту және музейлендіру мәселелері: заманауи әдістері мен цифрландыру	
<i>Тынайқұлова М., Мұхтарова Г., Кадримбетова Н.</i> Реконструкция и музеефикация останков золотого человека: современные методы исследования и цифровизация.....	37
<i>Асылбекова Н.О., Баудиярова Қ.Б., Кистаубаева А.Қ.</i> Қазақ кесеқабы: көшпелі тұрмыстың музейлік бейнесі	
<i>Асылбекова Н.О., Баудиярова К.Б., Кистаубаева А.К.</i> Казахский кесеқап: музейное отражение кочевой бытовой культуры	
<i>Asylbekova N.O., Baudiyarova K.B., Kistaubayeva A.K.</i> Kazakh keseqap: the museum image of nomadic lifestyle.....	51

Археология / Archaeology / Археология

<i>Таймагамбетов Ж.К., Алипова С.Б.</i> О некоторых методах естественно-научных дисциплин применяемых в исследовании палеолита Казахстана	
<i>Таймагамбетов Ж.Қ., Алипова С.Б.</i> Қазақстан палеолитін зерттеуде қолданылатын жаратылыстану-ғылыми пәндердің кейбір әдістері туралы	
<i>Taimagambetov Zh., Alipova S.</i> On some methods of natural science disciplines applied in the study of the paleolithic of Kazakhstan.....	62
<i>Талеев Д.А.</i> Келес өңірі қалалары мен қоныстарының типологиясы	
<i>Талеев Д.А.</i> Типология городов и поселений Келесского региона	
<i>Taleev D.A.</i> Typology of cities and settlements of the Keles Region.....	75
<i>Бисембаев А., Калдыбаева Г., Ахатов Г.</i> Средневековый форпост Жезды на северных чинках Устьурта: предварительные итоги исследования	
<i>Бисембаев А., Калдыбаева Г., Ахатов Г.</i> Үстірттің солтүстік жартастарындағы ортағасырлық Жезді бекеті: зерттеудің алдын ала нәтижелері	
<i>Bisembayev A., Kaldybayeva G., Akhatov G.</i> Medieval outpost Zhezdy on the northern escarpments of Ustyurt plateau: preliminary results of the study.....	89
<i>Иманғалиева М., Акымбек Е.</i> Природный фактор в выборе трасс караванных путей средневековья в Талас-Асинском бассейне	

- Иманғалиева М., Ақымбек Е.** Талас-Аса алабындағы ортағасырлық керуен жолдарының бағыттарын таңдаудағы табиғи фактор
Imangaliyeva M., Akymbek Ye. Natural factor in the selection of medieval caravan routes in the Talas-Asa basin..... 99
- Мурғабиев С., Бахтыбаев М., Малдыбекова Л., Серікбай Ә.** Қаратау жартас суреттерінің ішкі семантикалық сипатын саралау
Мурғабиев С., Бахтыбаев М., Малдыбекова Л., Серікбай А. Анализ внутренней семантики наскальных рисунков Каратау
Murgabaev S., Bakhtybaev M., Maldybekova L., Serikbay A. Analysis of the Semantic Properties of the Karatau Rock Pictures..... 112
- Шағирбаев М.С., Ганиева А.С., Сәкенов С.Қ., Идришева Б.У.** Археозоологическая характеристика хозяйственного уклада казахской зимовки Тажегүл-2 XVIII–XIX вв.
Шағирбаев М.С., Ганиева А.С., Сәкенов С.Қ., Идришева Б.У. XVIII–XIX ғғ. Тәжіғүл-2 қазақ қыстауының шаруашылық құрылымының археозоологиялық сипаттамасы
Shagirbayev M.S., Ganiyeva A.S., Sakenov S.K., Idrisheva B.U. Archaeozoological characterization of the economic structure of the kazakh wintering site Tazhegul-2 of the 18th–19th centuries..... 125
- Бекзатқызы И.** Цифровые 3D-модели керамики как источник морфометрических данных (на материалах Костанайского областного историко-краеведческого музея)
Бекзатқызы И. Керамиканың цифрлық 3D-модельдері морфометриялық деректер көзі ретінде (Қостанай облыстық тарихи-өлкетану музейінің материалдары негізінде)
Bekzatkyzy I. Digital 3D models of ceramics as a source of morphometric data (based on the materials of the Kostanay regional museum of history and local lore)..... 148
- Этнология / Ethnology / Этнология**
- Somfai Kara D.** Kipchak-Turkic (Kuman) speaking peoples and Hungarian prehistory
Шомфай Кара Д. Қыпшақ-түркі (құман) халықтары және мажарлардың арғы тарихы
Шомфай Кара Д. Кыпчакско-тюркские (куманские) народы и предыстория венгров..... 162
- Әшбекова Г.У., Үмітқалиев Ұ.У., Саутбекова А.Г.** Қазақ халқының зергерлік бұйымдарындағы космологиялық символдар мен сакралдық түсініктер (Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі материалдары негізінде)
Әшбекова Г.У., Умитқалиев У.У., Саутбекова А.Г. Космологические символы и сакральные представления в ювелирных изделиях казахского народа (на основе материалов Национального музея Республики Казахстан)
Eshbekova G.U., Umitkaliyev U.U., Sautbekova A.G. Cosmological symbols and sacred concepts in the jewelry of the Kazakh people (based on the materials of the National Museum of the Republic of Kazakhstan)... 168
- Ермекбаева М.А.** Қазақ мақал-мәтелдеріндегі қасқыр бейнесінің этномәдени семантикасы
Ермекбаева М.А. Этнокультурная семантика образа волка в казахских пословицах и поговорках
Yermekbayeva M.A. Ethnocultural semantics of the wolf image in Kazakh proverbs and sayings..... 179
- Жумадилова К.А., Әкиджи М., Утенов О.Т.** Түркі халықтарының дәстүрлі дүниетанымындағы «Жер-Су» ұғымы: мифологиялық негіздері мен мінәжат тәжірибелері
Жумадилова К.А., Әкиджи М., Утенов О.Т. Концепт «Жер-Су» в традиционном мировоззрении тюркских народов: мифологические основы и ритуальные практики
Zhumadilova K.A., Ekici M., Utenov O.T. The concept of «Yer-Sub» in the traditional worldview of Turkic peoples: mythological foundations and ritual practices..... 191

Тарих / History / История

- Сыдықов Е.Б., Дүйсен С.Ж., Жұманбай Р.Н.* 1920–1930 жылдары Қызылорда қаласында арнаулы орта және жоғары оқу орындарының құрылуы
Сыдықов Е.Б., Дүйсен С.Ж., Жұманбай Р.Н. Создание средних и высших учебных заведений в городе Кызылорда 1920-1930 годы
Sydykov E.B., Duysen S.Zh., Zhumanbay R.N. Establishment of secondary and higher educational institutions in the city of Kyzylorda 1920-1930 years..... 202
- Baigabatova N. K., Ishkalova G.I.* Labor market adaptation strategies of repatriates in the Zhetysu region
Байғабатова Н.К., Ишкалова Г.И. Репатрианттардың Жетісу облысының еңбек нарығына бейімделу стратегиялары
Байғабатова Н. К., Ишкалова Г.И. Стратегии адаптации репатриантов к рынку труда области Жетысу... 216
- Примкулова Г.Ж., Динашева Л.С., Орынбасарова Г.Ж.* Дәруіштер мұрасының Түркістан қаласының рухани-мәдени келбетін қалыптастырудағы рөлі мен маңызы
Примкулова Г.Ж., Динашева Л.С., Орынбасарова Г.Ж. Значение наследия дервишей в формировании духовного и культурного облика города Туркестан
Primkulova G.Zh., Dinasheva L.S., Orynbasarova G.Zh. The role of dervish heritage in shaping the spiritual and cultural identity of Turkestan..... 225

Шолу / Review / Обзор

- Жунисханов А., Маслов Х.Б., Құрманғалиев А. Ә.Т.* Төлеубаевтың «Раннесакская Шиликтинская культура» монографиясына шолу
Жунисханов А., Маслов Х.Б., Курманғалиев А. Обзор на монографию А.Т. Толеубаева «Раннесакская Шиликтинская культура»
Zhuniskhanov A., Maslov Kh.B., Kurmangaliev A. Review of A.T. Toleubayev's The Early Saka Shilikti Culture..... 238

Шолу/ Review/ Обзор

FTAMP 03.41.91

<https://doi.org/10.47500/2026.v26.i2.19>

***Жунисханов А.^{1,2}, Маслов Х.Б.¹, Құрманғалиев А.³**

¹Тарихшылардың ұлттық конгресі, Астана, Қазақстан

²Назарбаев университеті, Астана, Қазақстан

³Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі, Астана, Қазақстан

*e-mail: aidyn.zhunisskhanov@nu.edu.kz

Ә.Т. ТӨЛЕУБАЕВТЫҢ «РАНЕСАКСКАЯ ШИЛИКТИНСКАЯ КУЛЬТУРА» МОНОГРАФИЯСЫНА ШОЛУ

Аңдатпа. Ә.Т. Төлеубаевтың 2018 ж. жарық көрген «Раннесакская шиликтинская культура» атты монографиясында ерте сақ мәдениетінің қалыптасу мәселесі қарастырылған. Шығыс Қазақстандағы Шілікті қорымындағы элиталық ескерткіштерді (б.д.д. VIII–III ғғ.) кешенді зерттеу негізінде автор Шілікті ескерткіштерін дербес археологиялық мәдениет ретінде бөліп көрсетіп, ерте сақ мәдениетінің қалыптасу орталығын осы Шілікті-Тарбағатай өңірімен байланыстырады. Сонымен қатар монографияда сақтардың мемлекеттілігі және сақтар мен түркі халықтары арасындағы генетикалық сабақтастық туралы пікірталас тудыратын тезис ұсынылған. Шолуда жалпы теориялық-әдістемелік сипаттағы және аталған тұжырымдарға қатысты ескертпелер талданады. Автор монографияның деректік қорын, ғылыми құндылығы мен пәнаралық зерттеу әдістерінің жүйелігін жоғары бағалайды.

Кілт сөздер: Шығыс Қазақстан, ерте сақтар, Шілікті мәдениеті, Бәйгетөбе обасы, пәнаралық зерттеу, скиф-сібір аң стилі, әлеуметтік жіктелу, этногенез, сақ мемлекеттілігі.

Дәйексөз үшін: Жунисханов А., Маслов Х.Б., Құрманғалиев А. Ә.Т. Төлеубаевтың «Раннесакская Шиликтинская культура» монографиясына шолу // Мәдени мұра. 2026. №2 (113). бб. 238-249 (қаз.)

DOI: <https://doi.org/10.47500/2026.v26.i2.19>

Кіріспе

Ерте темір дәуірі Еуразияның далалық аймағы тарихының ең маңызды кезеңдерінің бірі. Б.д.д. IX–III ғғ. Байкалдан Дунайға дейінгі ұлан-байтақ далада көшпелі тайпалар біртұтас мәдени кеңістік қалыптастырды. Қазақстан аумағы осы мәдени кеңістіктің маңызды бөлігін құрады. Әсіресе Шығыс Қазақстан аумағындағы Тарбағатай тауының солтүстік бөктерінде орналасқан Шілікті жазығы ерекше маңызды кешен. Мұнда б.д.д. VIII–III ғғ. аралығымен мерзімделетін элиталық сақ ескерткіштері тығыз шоғырланған.

Шілікті қорымының материалдары ғылыми айналымға XX ғ. 60 жылдары енді. С.С. Черников басқарған Шығыс Қазақстан археологиялық экспедициясы қорымдағы №5 обадан аң стилінде жасалған 524 алтын бұйым тапты. Сақтардың аң стилінде жасалған алтын бұйымдарының Шығыс Қазақстан аумағынан табылуы бұл өңірде зергерлік өндіріс пен

металл өңдеу дәстүрінің жоғары деңгейде дамығанын көрсетеді (Черников, 1965: 139). Алайда С.С. Черников экспедициясы 13 обаны қазып, тек екі обаның материалын толық жариялады. Ал Шілікті жазығындағы ескерткіштердің нақты саны мен ауқымы анықталмай қалды. С.С. Черниковтан кейін 1971–2003 жж. аралығында Шілікті қорымында жүйелі зерттеу жұмыстары жүргізілмеді.

Мақалада тарих ғылымдарының докторы, профессор Ә.Т. Төлеубаевтың (1953–2023) 2018 ж. жарық көрген «Раннесакская шиликтинская культура» монографиясына ғылыми шолу жасалады. Мақаланың мақсаты – еңбектің дереккөздік базасын, қолданылған зерттеу әдістерін, негізгі ғылыми нәтижелері мен тұжырымдарын сараптап, монографияның Қазақстан және Еуразия археологиясы ғылымындағы орнын айқындау. Осы мақсатқа жету үшін монографияда сақ мемлекеттілігі,

аң стилінің шығу тегі және түркілік этногенетикалық байланыстарға қатысты ұсынылған негізгі концептуалды тұжырымдарға ғылыми талдау жасалды. Сондай-ақ элиталық жерлеу ескерткіштерін зерттеу бағытында пәнаралық әдістеменің тиімділігі бағаланады.

Шілікті ескерткіштерінің зерттелу тарихы

Шілікті жазығында шоғырланған археологиялық ескерткіштер туралы алғашқы жазбаша мәліметтер 1869 ж. «Томская губернская ведомости» газетінде жарияланды (Костров, 1869: 9). Ал 1881 ж. «Сибирская газета» басылымының № 9 санында Маңырақ, Тарбағатай және Сауыр-Сайқан жоталарының түйісер тұсында орналасқан Шілікті жазығында тізбектеле орналасқан үлкен обалардың көптігі туралы мәліметтер келтіріледі (Скорняков, 1881: 262).

Шілікті жазығындағы обалардың саны туралы алғашқы статистикалық мәліметтерді Семей өлкетанушылары В. Никитин (Никитин, 1902: 104) мен Н. Коншин (Коншин, 1903: 27–30) болыс ақсақалдарының сөздеріне сүйене отырып № 71, 72 оба туралы ақпарат береді. Бейсембай Байболовтың Зайсан уезі Маңырақ болысы қазақтарынан жинаған этнографиялық мәліметтеріне сәйкес, Шілікті жазығында 60-қа жуық оба екендігі және жергілікті тұрғындардың түсінігі бойынша бұл обалар қайтыс болған қытайлықтарға тиесілі екендігі жазылады (Байболов, 1914: 6).

1899 ж. Дала генерал-губернаторы жанындағы шенеунік А.П. Плахов Зайсан уезінен табылған алтын бұйымды Археологиялық комиссияға тапсырып, Шіліктідегі үлкен обаны қазуға 100 сом алады. А.П. Плахов комиссияға есеп бермеді, оның далалық жұмысының іздері табылмады (Черников, 1965: 11). Бұл эпизод кезеңнің негізгі белгісін айқындайды: ескерткіштерді зерттеуге деген ынта болды, бірақ ғылыми бақылау мен жауапкершілік болмады.

1909–1910 жж. семейлік гидротехник Г.И. Бокий Шілікті жазығының шығысындағы Шағаноба өзені бойындағы қорымда диаметрі 95 метр болатын № 1 обада қазба жұмыстарын жүргізеді. Қазба жұмыстары екі жылға созылып, жерлеу камерасына дейін жеткенімен, оба қабырғасының құлап кете беруіне байланысты жұмысты толық аяқтай алмайды (Научная

деятельность подотдела, 1912: 45; Черников, 1965: 11; Омаров, 2010: 64). С.С. Черников 1910 ж. В.В. Радловтың бастамасымен Ғылым академиясы Шілікті обаларын зерттеуге арнайы экспедиция жіберуді жоспарлағанын, алайда оның жүзеге аспағанын жазады (Черников, 1965: 11).

XIX ғ. – XX ғ. басы алғашқы деректер жинақтау кезеңі болды. Ескерткіштер туралы мәліметтер жиналды, бірлі-жарым қазба жұмыстары жүргізілді. Зерттеулер жүйелі ғылыми жоспарсыз, бақылаусыз жүргізілді.

Шілікті ескерткіштерін ғылыми тұрғыдан жүйелі зерттеудің нақты басталуы С.С. Черников жетекшілік еткен КСРО ҒА Археология институты Ленинград бөлімінің Шығыс Қазақстан экспедициясымен байланысты. Экспедиция 1949 ж. археологиялық барлау және қазба жұмыстарын ұйымдастырады. Содан кейінгі жылдары Қазақстанның орталық музейі, ҚазССР ҒА Тарих, археология және этнография институтының мамандарымен бірлесе отырып Шілікті қорымындағы №7 обада қазба жұмыстарын жүргізеді. 1960 жылдары №3,4,5; ал 1970 жылдары №35, 2а, 10 обалары – барлығы 13 оба қазылып, зерттеледі (Төлеубаев, 2018: 19; Джумабекова, Базарбаева, 2017: 875).

Археологиялық экспедиция 1949 ж. №7 обаны қазып, зерттейді. Зерттеу нәтижесінде обадан «аң стилінде» орындалған алтын қапсырмалар мен б.д.д. V ғ. екінші жартысымен мерзімделетін материалдар кешені табылды (Черников, 1965: 186–189). Шілікті қорымындағы зерттеулердің маңызды кезеңі деп 1960 жылғы №5 обада жүргізілген қазба жұмыстарын ерекше атап өтуге болады. Осы обадан табылған жәдігерлердің негізінде С.С. Черников 1965 ж. «Загадка Золотого кургана» монографиясын жариялады (Черников, 1965). Бұл ғылыми монографияда Шығыс Қазақстан өңірінде ерте сақ мәдени кешенінің қалыптасуына қатысты бірнеше мәселе қарастырылады. Атап айтқанда, Шілікті жазығындағы обалардың хронологиясы. С.С. Черников обалардың хронологиясын жебелер типологиясының негізінде б.з.д. VII–VI ғғ. аралығымен мерзімдейді. Сондай-ақ автор ерте көшпелілердің аң стилі өнерінің қалыптасуы мәселесіне ерекше тоқталып өтеді. Еңбекте Шілікті материалдарының Қаратеңіз жағалауы, Алтай және Минусин алаптарының ескерткіштерімен байланысын айта келе С.С. Черников шикізат көзі, оны қорытып,

байыта алатын технологиялық мүмкіндіктер және жоғары білікті зергерлері бар өңірлерде ғана ерте көшпелілердің аң стилі қалыптасуы мүмкін екендігін айтады. Оның ойынша көшпелілер өнерінің ғажайып туындылары сол заманның ірі металлургиялық орталықтары болған Солтүстік Кавказ және Шығыс Қазақстан өңірі болуы мүмкін (Черников, 1965: 138–139). Яғни аң стилі пайда болған бірыңғай орталық жоқ, ол Еуразия даласында бір уақытта қалыптасқан болуы ықтимал деп тұжырымдайды.

Дегенмен С.С. Черников зерттеулерінің өзіндік кемшіліктері де болды. Зерттелген он үш обаның тек екеуінің (№5, №7) материалдары толық жарияланды.

С.С. Черников Шілікті жазығындағы тек 51 обаны есепке алды. Бұл кейінгі зерттеулер анықтаған нақты санның бестен бір бөлігі ғана (Төлеубаев, 2018: 40–41).

Шілікті археологиялық кешенінде 1971–2003 жж. аралығында ешқандай далалық зерттеулер жүргізілмеді. Алайда осы кезеңде Қазақстанның ерте көшпелілер археологиясы жалпы алғанда белсенді дамыды. М.Қ. Қадырбаев Орталық Қазақстан материалдары негізінде «сақ мәдени қауымдастығы» ұғымын ғылыми айналымға енгізді (Қадырбаев, 1966: 401; Төлеубаев, 2018: 20). К.А. Ақышев 1969–1972 жж. Есік обасын қазып, «Алтын адамды» тауып, ғылыми айналымға енгізді (Ақышев, 1978). Есік обасының ашылуы Шілікті материалдарының маңызын да жаңаша пайымдауды талап етті. Н.А. Боковенко (Боковенко, 1986), П.И. Шульга (Шульга, 1999), Г.К. Омаров (Омаров, 2010) Шығыс Қазақстан және іргелес өңірлердің ерте сақ дәуірінің жерлеу ескерткіштері мен жерлеу ғұрпын жіктеп, топтастырды. Осы зерттеулер ерте сақ мәдениетін зерделеудің теориялық-әдістемелік базасын нығайтты және Ә.Т. Төлеубаев басқарған экспедиция алдындағы ғылыми контексті қалыптастырды.

2003 ж. Шілікті жазығындағы археологиялық ескерткіштерді зерттеудің жаңа кезеңі басталды. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің экспедициясы профессор Ә.Т. Төлеубаевтың жетекшілігімен Зайсан ауданындағы Шілікті жазығын жүйелі зерттей бастады. Он бес жыл ішінде экспедиция 300-ден астам ескерткіш анықталып, құжатталды, олардың 50-ден астамы элиталық немесе «патша» обалары санатына жатады (Төлеубаев,

2018: 40). Сондай-ақ осы уақыт аралығында 4 үлкен, 1 орта және 20 шақты кіші оба қазылып зерттелді (Төлеубаев, 2018: 27). Профессор Ә.Т. Төлеубаевтың жүргізген археологиялық барлау жұмыстары нәтижесінде Шілікті жазығындағы археологиялық ескерткіштер Шілікті-1-ден Шілікті-6-ға дейін топтарға бөлінді.

Әбдеш Тәшкенұлы басқарған археологиялық экспедицияның негізгі жетістігі ретінде Шілікті-3 қорымындағы Бәйгетөбе обасынан (№1 оба) үшінші «алтын адамның» табылуын атап өтуге болады. Бәйгетөбе обасынан барлығы 4303 дана алтын зат табылды. Оның 153 данасы мәлінің маскасы бейнесінде, 36 данасы бүркіт-самұрық, 20 данасы бұғы, 39 данасы қасқыр (аю) түрінде, 1 түйме-қаптырма бесжұлдыз, 1 қапсырма арқар бейнесінде болды. Сонымен қатар 23 дана қоңырауша түріндегі, 63 дана кеңірдекше түріндегі, 17 дана алтын тілікше, 7 дана алтын сым, 141 дана жартышар секілді салпыншақтар, 2835 дана өте кішкене құлақшалы, кесеге ұқсас салпыншақтар, 223 ұсақ кеңірдекше тізбе, 743 шығыршық тізбе және 1 дана кішкене қапсырма шеге табылды (Төлеубаев, 2018: 218). Радиокөміртекті және дендрохронологиялық сараптамалар обаның б.д.д. 730–690 жылдарға тиесілі екенін көрсетті. Бұл оны Еуразиядағы ең ерте сақ-скиф элиталық ескерткіштерінің қатарына шығарады (Төлеубаев, 2018: 497–498).

2003–2016 жж. аралығында Шілікті қорымынан табылған археологиялық материалдарды талдау үшін радиокөміртекті және дендрохронологиялық талдау, металлография, спектрлі-элементтік зондау, физикалық антропология, зооархеология және 3D модельдеуді қамтитын кешенді пәнаралық зерттеу әдістерін қолданылды. Осы зерттеулердің қорытындысы ретінде 2018 ж. Әбдеш Тәшкенұлы Төлеубаев «Раннесакская шиликтинская культура» монографиясын баспадан шығарды.

Жалпы алғанда Шілікті жазығындағы ескерткіштердің зерттелу тарихын төрт кезеңге бөліп қарастыруға болады. Бірінші кезеңде (XIX ғ. – XX ғ. басы) Шілікті жазығындағы археологиялық ескерткіштер туралы алғашқы мәліметтер қоры жинақталды. Екінші кезеңде (1949–1971) Шығыс Қазақстан археологиялық экспедициясының ұйымдастыруымен Ертіс өзенінің бойындағы археологиялық

ескерткіштер тізімделіп, зерттеле бастады. Осы кезде экспедиция жетекшісі С.С. Черниковтың басшылығымен Шілікті жазығындағы обалар ғылыми тұрғыдан алғаш рет зерттеліп, ғылыми айналымға енгізіледі. С.С. Черников Шілікті материалдары негізінде Шығыс Қазақстан өңірі сақтардың аң стилі қалыптасқан негізгі орталықтардың бірі болғанын тұжырымдайды. Үшінші кезеңде (1971–2003) Шілікті обаларында далалық зерттеулер жүргізілмеді. Дегенмен олар эталонды ескерткіш ретінде Еуразия кеңістігінде көшпелі мәдениеттің қалыптасуына қатысты пікірталастарда жиі пайдаланылды. Төртінші, яғни соңғы кезеңде (2003–2018) Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Ә.Т. Төлеубаев жетекшілік еткен археологиялық экспедиция Шілікті қорымындағы ескерткіштерді есепке алу, обаларға кешенді ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізіп, Еуразия даласындағы ерте сақ кезеңі ескерткіштері арасынан Шілікті қорымын ерекше даралап, ерте сақ кезеңінің жеке археологиялық мәдениеті ретінде шығарды. Осы тарихнамалық контексте шолу жасалып отырған монография Шілікті қорымында жүргізілген зерттеулердің нәтижелерін жинақтап, Шілікті ескерткіштерін зерттеудің жаңа әдістемелік деңгейін белгілейді.

Монографияның құрылымы мен әдістемесін талдау

Ә.Т. Төлеубаевтың «Раннесакская шиликтинская культура» монографиясы кіріспе, бес тарау, қорытынды, он қосымша және 500-ден астам әдебиеттер тізімінен тұрады. Жалпы көлемі – 528 бет. Кітаптың құрылымы «жалпыдан жекеге, жекеден жалпыға» қарай жүйелі қозғалыс логикасын ұстанады, алайда бұл логика барлық тарауда бірдей емес.

Кіріспе бөлімінде (15–38 бб.). Шілікті жазығының физикалық-географиялық сипаттамасына шолу жасалған. Кіріспеде ескерткіштердің алты топқа жіктелуі, Шілікті жазығынан 200-ден астам ескерткіштің анықталғаны, экспедиция тарихы баяндалады. Кіріспенің артықшылығы нақты деректілік болса, зерттеу мәселесі мен еңбектің теориялық шеңбері ашық тұжырымдалмағанын кемшін тұсы деп атап өтуге болады.

I тарау («Памятники Шиликтинской долины разных эпох» (Шілікті жазығындағы әр дәуір ескерткіштері), 39–118 бб.) монографияның деректану іргетасы. Тарауда Шілікті-1-ден

Шілікті-6-ға дейінгі алты ескерткіштер тобы, Шаған-оба, Қос оба, Төрт оба, Көкбастау, Қарашоқы және Кергентас қорымдар топты жүйелі сипатталған. Бұл тарауда алдыңғы зерттеулер нәтижесінде белгілі болған ескерткіштер санын артып, жаңа барлау-іздістіру нәтижесінде табылған 300-ден аса обаның анықталып, құжатталғаны айтылады (Төлеубаев, 2018: 40–41).

II тарау («Золотой» курган Байгетобе могильника Шиликты-3» (Шілікті-3 қорымының Байгетобе «алтын» обасы), 119–216 бб.) монографияның эмпирикалық өзегі. Тарауда №1 оба, жергілікті халықтың «Байгетобе» деп атап кеткен обасында жүргізілген археологиялық қазба жұмыстың толық хронологиясы, обаның үш қабатты құрылымы, дромостың орналасуы, жерлеу камерасының құрылымы және жәдігерлердің табылу барысы рет-ретімен баяндалады. Тарауда морфологиялық сипаттамалар мен интерпретациялық тұжырымдар кейбір жерлерде бір мәтіндік бөлімде біріктіріліп ұсынылған.

III тарау («Шиликтинское золото и костюм «золотого человека» (Шілікті алтыны және «Алтын адам» киімі»), 217–306 бб.) монографияның ең ірі және ең ерекше бөлімі. Тарау үш бағытты қамтиды: 1. №1 обадан табылған 4303 алтын бұйымның типологиялық-морфологиялық сипаттамасы; 2. Шілікті жазығының алтын кен орындары мен алтын шикізатының жергілікті шығу тегі туралы геологиялық дәлелдер; 3. «Алтын адам» киімінің бес жылдық еңбек нәтижесінде жасалған ғылыми реконструкциясы. Тараудың мықты тұсы – алтын бұйымдардың жасалу технологиясы (микродәнекерлеу, қалыптау, түйіршіктеу) және шикізаттың шығу тегін байланыстырып, жергілікті зергерлік мектептің болғанын дәлелдеуі. Алайда реконструкцияның гипотетикалық тұстары мен дәлелді тұстары арасындағы шекара оқырман үшін әрдайым айқын бола бермейді. Яғни, «Алтын адам» киімін реконструкциялағанда кейбір элементтер нақты археологиялық деректерге сүйенеді, ал кейбірі салыстырмалы материалдарға, этнографиялық параллельдерге немесе автордың өз болжамына негізделген. Автор киімінің реконструкциясын жасауға 5–6 жыл уақыт кеткенін (Төлеубаев, 2018: 276) атап өтеді. Реконструкция негізіне жерлеу камерасынан табылған алтын әшекейлер,

ахеменидтік Иранның барельефтерінде бейнеленген тиграхауда сақтардың киімдері, Алтайдың тон басқан обаларынан табылған сақтардың киімдері, жазба деректерде кездесетін сақтар мен скифтердің киімдері туралы мәліметтер және физика-химиялық, макро және микроскопиялық зерттеу нәтижелері алынған (Төлеубаев, 2018: 266). Ә.Т. Төлеубаев Шілікті адамының киімі шапаннан, шекпен, шалбардан, аяқ киімнен, бас киімнен және белдіктен тұрған деп жазады. Негізгі материал ретінде тері, былғары және киіз қолданғандығын атап өтеді (Төлеубаев, 2018: 276). Әбдеш Тәшкенұлы жазба деректерде сақтар мен скифтерде шапан болғаны туралы мәліметтер мүлдем кездеспейтінін өзі де мойындайды, бірақ жерленген адамның әлеуметтік-саяси мәртебесі жоғары болғандықтан оған шапан кигізгенін жазады (Төлеубаев, 2018: 276).

IV тарау («Шиликтинские элитарные памятники и некоторые вопросы сако-скифской археологии» (Шіліктінің элиталық ескерткіштері және сақ-скиф археологиясының кейбір мәселелері), 307–350 бб.) монографияның салыстырмалы-тарихи бөлімі. Тарауда жерлеу ғұрпының типологиясы, Геродоттың мәліметтерімен сәйкестігі және монографияның ең дискуссиялық бөлігі сақтар мен қазақтардың жерлеу салттарындағы параллельдер талқыланады. IV тарау монографияның теориялық негізі болуға тиіс еді, алайда оның көлемі (44 бет) II тарауға (98 бет) немесе III тарауға (90 бет) қарағанда айтарлықтай аз.

V тарау («Раннесакская Шиликтинская культура (культурно-хронологический аспект) (Ерте сақ кезеңінің Шілікті мәдениеті: мәдени-хронологиялық аспект)», 351–388 бб.) монографияның концептуалды кульминациясы десек те болады. Бұл тарауда автор Шілікті ескерткіштерін дербес «ерте сақ кезеңінің Шілікті мәдениеті» ретінде бөліп қараудың негіздемесін, ол мәдениеттің таралу аймақтарын көрсетеді. Автордың пайымдауынша, Шілікті мәдениеті оңтүстік-батыс бағытта Алакөл ойпаты арқылы Жетісуға, екінші бағытта Орталық және Солтүстік Қазақстанға, үшінші бағытта Арал маңы мен Алтайға дейін таралғанын көрсетеді. (Төлеубаев, 2018: 363). Сондай-ақ автор Шілікті жазығындағы обалардан алынған материалдар негізінде қорымның қызмет еткен уақытына қатысты екі түрлі хронологиялық шек белгілейді. Монографияның кіріспе

бөлімінде обалар б.д.д. VIII – I ғғ. аралығы деп көрсетсе, еңбектің V тарауында Шілікті жазығындағы сақ дәуірінің ескерткіштерін б.д.д. IX–VIII ғ. – б.д.д. III ғ. аралығымен мерзімдейді. (Төлеубаев, 2018: 352). Ал тікелей ерте сақ кезеңінің Шілікті мәдениетінің хронологиясын радиокөміртекті (Panyushkina et al., 2016, С. 250) және дендрохронологиялық (Panyushkina et al., 2016: 250; Төлеубаев, 2018: 384) сараптама нәтижелерінің негізінде б.д.д. IX–VIII ғ. аралығында қалыптасқан деп көрсетеді, бірақ ерте сақ кезеңінің Шілікті мәдениетінің аяқталу мерзімін нақты ашып көрсетпейді.

V тарау алдыңғы барлық тараудың деректерін біртұтас тұжырымдамаға жинақтайды. Дегенмен біздің ойымызша «Шілікті мәдениетін» дербес мәдени-тарихи бірлік ретінде бөліп қарауға негіз болатын критерийлер типологиялық, хронологиялық және аумақтық шекаралар тарауда жүйелі анықтама түрінде берілмей, жекелеген тұжырымдар арқылы ғана ашылып берілген.

Монографияның бес тарауы деректер жинақтаудан → далалық зерттеуге → артефакт талдауына → салыстырмалы зерттеуге → мәдени-тарихи жинақтауға қарай жүйелі ілгерілейтін логикалық тізбек құрайды. Монографияда теориялық тараулардың (IV, V) эмпирикалық тарауларға (I, II, III) қатысты көлемдік диспропорциясы байқалады. 528 беттің шамамен 270 беті (51%) тікелей деректер мен сипаттамаларға, 80 беті ғана (15%) теориялық жинақтауға арналған. Бұл бір жағынан монографияның дереккөз базасы өте мықты екенін дәлелдесе, бір жағынан орынның тарлығынан теориялық тұжырымдарды толықтай негіздеуге мүмкіндік бермеген.

Ә.Т. Төлеубаев монографиясының әдістемелік негізгі ерекшелігі пәнаралық зерттеу әдістерін жүйелі қолдану болып табылады. Бәйгетөбе обасынан алынған ағаш үлгілері Украина (Киев), Ресей (Новосибирск) және АҚШ (Аризона университеті) зертханаларында бір мезгілде радиокөміртекті (¹⁴C) және дендрохронологиялық сараптамадан өтті. Нәтижелер Байес модельдеуімен нақтыланды (Panyushkina et al. 2016: 157). Мұндай триангуляция бір нысанды бірнеше тәуелсіз зертханада тексеру хронологиялық қорытындының сенімділігін едәуір арттырады.

Дегенмен пәнаралық зерттеу нәтижелері монографияда жеке бір әдістемелік бөлім болып

берілмеген, тек қосымша ретінде берілген. Барлық пәнаралық зерттеу нәтижелері Шілікті жазығында қоныстанған көшпелі тайпалардың күнделікті тіршілігін, дүниетанымдық көзқарасын реконструкциялау үшін бір тұтас жүйеде сараланып талданса, ежелгі тарих бойынша білім көкжиегіміз кеңейер еді.

Сондай-ақ, металлографиялық талдаудан өткен 116 үлгінің ішінен тек жекелеген үлгілердің нәтижелері берілген, қалған үлгілер бойынша толыққанды талдау нәтижелері берілмеген.

Дискуссиялық тұжырымдарды талдау

Сақ мемлекеттілігі туралы тұжырым.

Ә.Т. Төлеубаев Бәйгетөбе обасының көлемі мен «алтын адам» киімінің әлеуметтік-таңбалық мәні негізінде жерленген адамның мәртебесін жай тайпа көсемі немесе абыз емес, одан деңгейі жоғары «патша, хан немесе өзге де билеуші» дәрежесінде болуы мүмкін деп бағамдайды (Төлеубаев, 2018: 264–265). Бұл тұжырымның эмпирикалық негізі ретінде автор үш дәлел ұсынады: обаның жалғыз адамға арналуы, сақталған биіктігінің 7,9 м және диаметрі 100 м болуы, сондай-ақ қабірден 4303 алтын бұйымның табылуы.

Алайда «мемлекеттілік» ұғымын б.д.д. VIII ғ. көшпелі қоғамға қолданудың өзі тарих ғылымында пікірталас тудырады. Кеңестік тарихнамада сақтар алғашқы қауымдық құрылыстың ыдырау сатысындағы қоғам ретінде қарастырылды (Черников, 1965: 69–75). К.А. Ақышев Есік обасының материалдары негізінде сақтарда терең мүліктік теңсіздік пен әлеуметтік дифференциация болғанын көрсетеді (Ақышев, 1978). Ә.Т. Төлеубаев өзі де көшпелілер мемлекеттілігінің «өз критерийлері, өз ерекше бағалары болуы керек» екенін мойындайды (Төлеубаев, 2018: 507), бірақ сол критерийлерді нақты тұжырымдамайды. Аумақтық бақылау, салық жүйесі, орталықтандырылған басқару сияқты белгілердің қайсысы Шілікті қоғамына тән екені ашылмайды. Бұл монографияның әдістемелік тұрғыдан алғандығы бір кемшілігі десек те болады.

Аң стилінің шығу тегі мәселесі скиф-сақ археологиясының ең дискуссиялық мәселелерінің бірі болып қала береді. Ғылымда бұл мәселе бойынша үш түрлі негізгі пікір бар.

Бірінші пікір – Алдыңғы Азиялық шығу тегі теориясы. Аң стилін зерттеуші алғашқы

зерттеушілер аң стилінің тамыры Иран мен Месопотамия өркениеттерінен келген деп есептеді. Осы тұжырым ғылымда XX ғ. ортасына дейін үстем болды.

Екінші пікір – М.П. Грязновтың полицентрлік тұжырымдамасы. Грязнов б.д.д. VIII ғ. бастап аң стилі үлгісіндегі заттар Еуразияның далалық аймағында бір мезгілде, бірақ бірнеше тәуелсіз орталықта синхронды дамыған деген пікір айтты. (Грязнов, 1978: 18). Үшінші пікір – С.С. Черниковтың шығыстан батысқа таралу тұжырымдамасы. С.С. Черников аң стилі мен сақ мәдениетінің бастауы шығыста болғанын дәлелдеп, Геродоттың скифтердің шығыстан шығуы туралы пікірімен келіседі (Черников, 1965: 108).

Ә.Т. Төлеубаевтың ұстанымы моноцентрлік автохтондық бағытта. Монографияда ерте сақ мәдениеті б.д.д. IX–VIII ғғ. Шілікті жазығы мен Тарбағатай өңірінде қалыптасып кейіннен Алтай, Алатау, Сырдария, Сарыарқа, Есіл, ортаңғы Ертіс бойына таралды деген тұжырым жасап, Шілікті жазығы сақтардың мәдениеті қалыптасқан алғашқы орталық деген пікір айтылады (Төлеубаев, 2018: 364–366). Автор Шілікті обаларынан табылған бұғы, бүркіт, барыс бейнелері олардың Қаратөңіз жағалауы ескерткіштерінен табылған осындай заттардан ертерек пайда болғанын дәлелдейді. Бұл тұжырым С.С. Черниковтың сақтардың аң стилі өнерінің шығыстан батысқа таралу идеясымен үндеседі, бірақ одан да батыл тұжырым ретінде бағаланады.

Әбдеш Тәшкенұлы өзінің пікірін дәлелдеу үшін сақ өнерін зерттеуші бірқатар маманның пікірлерін келтіреді. С.В. Киселев, Н.Л. Членова, М.И. Артамоновтар тағар мәдениетіндегі кейбір көркем бейнелердің Шығыс Қазақстан аумағынан, әсіресе Шілікті жазығындағы ескерткіштерден кіргендігін атап өтеді. Мысалы, шығысқазақстандық бұғы бейнесіне жақын бейнелер Оңтүстік Сібірде тек б.д.д. V ғ., Минусинск аймағында «алтайлық аң стилі» б.д.д. VI ғ. аяғы – б.д.д. V ғ. пайда болады.

Дегенмен бұл тұжырымдар бірқатар әдістемелік тұрғыда толықтай негізделмеген. Автор өз еңбегінде М.П. Грязновтың Еуразияның далалық бөлігінде б.д.д. VIII ғ. синхронды түрде сақ-скиф мәдениеті қалыптасып дамиды деген полицентрлік тұжырымдамасына нақты жауап бермей айналып өтіп, Шілікті сақ мәдениетінің қалыптасу орталығы деген тұжырымдамасын

дәлелдеуге тырысады. Сондай-ақ автор Шілікті материалдарын Тывадағы Аржан I және Аржан II обаларымен салыстырмалы талдау жасауда толыққанды типологиялық талдау жасамай, тек сипаттамалы талдаумен шектелген. Сонымен қатар С.С. Черниковтың Шілікті обаларындағы жүргізген зерттеу жұмыстары нәтижесінде табылған аң стилі үлгілерін зерттеген С.А. Зинченко Тағар өнерінде Шіліктіге жақын көркем бейнелердің пайда болуы тікелей ықпал емес, тек жанама әсер деп түсіндіреді.

Қорытындылай келе, аң стилінің жергілікті шығу тегі туралы автордың тұжырымы нақты археологиялық деректермен негізделген және қазіргі ғылымдағы сақ-скиф мәдениетінің бастауы Еуразияның азиялық бөлігінде деген тұжырыммен үндеседі (Төлеубаев, 2018: 364). Бірақ сақтардың аң стилі өнері Шіліктіден басталады деген моноцентрлік тезис монографияда ғылыми әдіспен толық негізделмеген. Бұл монографияның концептуалды тұрғыдан аяқталмағанын көрсетеді.

Түркілік этногенетикалық байланыс туралы тұжырым. Монографияның ең дискуссиялық тұжырымы Шілікті жазығы сақтарының жерлеу ғұрпы, киім үлгісі және рәсімдері түркі халықтарымен, оның ішінде қазақтармен тікелей байланысы туралы тұсы. Автор нақты этнографиялық параллельдер негізінде, яғни киімнің оңнан солға қаусырылуы, қабір ішіндегі ағаш конструкцияның кейінгі киіз үй элементтерімен ұқсастығы, мәйітті тұлданған атпен шығарып салу рәсімі (Төлеубаев, 2018: 319–327) – барлығы сол сабақтастықты көрсететін элементтер ретінде бағалайды.

Бұл тұжырым тарих ғылымында «дәстүрлік сабақтастық» мәселесіне байланысты айтарлықтай пікірталас тудырады. Үнді-иран тілдік субстрат теориясын ұстанатын зерттеушілер сақтарды иран тілді деп сипаттайды. Осы тұрғыдан түркі халықтарымен тікелей генетикалық сабақтастықты дәлелдеу лингвистикалық деректерсіз қиын болады. Монографияда лингвистикалық немесе генетикалық (ДНК) деректерге сілтеме жоқ. Байланыс тек материалдық мәдениет пен этнографиялық параллельдер негізінде тұжырымдалған. Материалдық ұқсастық этникалық сабақтастықты автоматты түрде дәлелдемейді. Ол мәдени диффузия немесе конвергенция арқылы да түсіндірілуі мүмкін.

Автор осы тұстарды монографияда жеткілікті дәрежеде талдамайды.

Монографияның басым және әлсіз тұстары

Біздің шолуымыздың басты міндеті еңбектің тек жетістіктерін ғана емес, кемшіліктерін де көрсету. Осы тұрғыдан алғанда төменде біз Ә.Т. Төлеубаевтың «Раннесакская шиликтинская культура» еңбегін талдау барысында алынған нәтижелерді баяндаймыз.

Басым тұстары

Монографияның ең басты әрі айқын артықшылығы – ауқымды далалық деректер базасының қалыптасуы. Он бес жыл бойы жүргізілген археологиялық зерттеулер нәтижесінде 300-ден астам ескерткіш анықталып, ғылыми тұрғыдан құжатталған. Бұл көрсеткіш Черников тіркеген 51 ескерткішпен салыстырғанда шамамен алты есеге артық (Черников, 2018: 40–41). Осындай кең көлемді деректер қоры Шілікті жазығындағы сақ мәдениетін зерттеуде жаңа ғылыми мүмкіндіктерге жол ашады.

Екіншіден, пәнаралық зерттеу қорытындыларын кеңінен пайдалануы десек қателеспейміз. Еңбекте радиокөміртекті талдау, дендрохронология, металлография, антропология, остеология, спектрлі-элементтік талдау және 3D модельдеу әдістері кешенді түрде пайдаланған. Мысалы, бір ғана Бәйгетөбе обасының абсолютті мерзімін анықтау үшін үш түрлі зертханада талдау жасатқан. Бұл ескерткіштің мерзімделуі туралы түрлі күмәнді сөйіледі.

Үшіншіден, Шілікті жазығында шоғырланған археологиялық ескерткіштер тұңғыш рет толық жүйеленіп, топтастырылған. С.С. Черников жазықтағы ескерткіштерге «Шілікті қорымы» деп жалпы атау берсе, Әбдеш Тәшкенұлы ескерткіштерді жеке-жеке қорымдарға бөліп, Шілікті 1,2,3,4,5,6 деп алты қорымға бөледі. Әр қорымдағы обалардың санын, олардың өлшемдерін, сақталу деңгейін, хронологиялық шегін сипаттайды. Бұл болашақ зерттеулер үшін маңызды картографиялық және деректер базасы болып табылады.

Төртіншіден, Бәйгетөбе обасынан табылған 4303 дана алтын бұйымға жасалған металлографиялық талдауды ерекше атап өтуге болады. Талдау жұмыстары Ресейдегі Эрмитажда жасалған. Зерттеу нәтижесіне сәйкес ежелгі зергерлер әшекей бұйымдарды

жасауда микродәнекерлеу, матрицалық қалыптау және түйіршіктеу әдістерін кеңінен қолданғаны дәлелденді. Сонымен қатар алтын кен орындарын іздеу бойынша жүргізілген геологиялық зерттеу жұмыстары Шілікті жазығынан ежелгі тұрғындары алтынды Зайсан маңындағы Алтынқазған кен орнынан алғанын көрсетті. Бұл деректер ерте сақ дәуірінде шіліктіліктердің кен өңдеумен айналысқанын және өзіндік зергерлік мектебі болғанын дәлелдейді.

Бесіншіден, Бәйгетөбе обасынан табылған адамның киімінің толыққанды ғылыми реконструкциясы. Ұзақ жылға созылған ғылыми реконструкция жасау арқылы ерте сақ дәуірі билеушісінің сыртқы келбетін ғана емес, сол қоғамда орныққан идеологиялық және дүниетанымдық жүйелерді түсінуге мүмкіндік береді.

Әлсіз тұстары

Монографияның негізгі кемшіліктерінің бірі – теориялық тұжырымдардың әдістемелік тұрғыдан жеткілікті деңгейде қарастырылмауы. Монографияда «мемлекеттілік», «таптық қоғам», «этногенез» ұғымдары қолданылғанымен, олар әдістемелік тұрғыда толыққанды ашылмаған. Мысалы, автор Еуразия даласындағы көшпелі тұрғындардың әлеуметтік, саяси, экономикалық түсініктерін зерттеу үшін классикалық еуропалық мемлекеттілік танымдарынан өзге «өзіндік критерийлер» қажет екенін атап өтеді. Әбдеш Тәшкенұлы балама критерийлер ретінде Шілікті жазығында патша обаларының архитектуралық құрылымын, жерлеу орындарына қойылған заттарға байланысты қатардағы және ақсүйектік деп бөлу таптық қоғамның көрінісі деп бағалайды. Сонымен қатар көшпелілерде «потестарлық-саяси бірлестік» ұғымы классикалық мемлекеттілік ұғымын алмастыратын термин ретінде пайдаланады. Дегенмен автор ұсынған балама критерийлер бірыңғай концептуалды негізге біріктірілмейді.

Екінші әлсіз тұсы – дискуссиялық мәселелерде өзге де ғылыми тұжырымдар жеткілікті деңгейде талданбаған. Атап

айтқанда, сақ өнерінің қалыптасуына қатысты М.П. Грязновтың полицентрлік теориясы талқыланбайды. Сондай-ақ сақтардың шығу тегін түркілік компонент негізінде қарастыру мәселесінде лингвистикалық және палеогенетикалық мәліметтер қолданылмаған. Түркілік негізді дәлелдеу негізінен материалдық мәдениет пен этнографиялық параллельдерге сүйене отырып жасалған. Яғни, мәдени ұқсастықтар диффузия немесе конвергенция арқылы да қалыптасуы мүмкін екендігі ескерілмеген.

Бұл кемшіліктер монографияның ғылыми құндылығын төмендетпейді. Керісінше, болашақ зерттеушілер үшін Шілікті жазығындағы зерттеу жұмыстарының негізгі басым бағыттары қандай арнада өрістеуі керек екенін айқындайды.

Қорытынды

Профессор Ә.Т. Төлеубаевтың «Раннесакская шиликтинская культура» монографиясы ерте темір дәуірі археологиясы бойынша елімізде соңғы уақытта шыққан іргелі еңбек. Кітап бір ғана ескерткішті сипаттаудан асып түсіп, ерте темір дәуіріндегі Еуразия көшпелілерінің тарихын кең ауқымда қайта бағамдауға мүмкіндік береді.

Зерттеудің пәнаралық эмпирикалық базасы өте мықты. Шіліктідегі архитектуралық шешімдердің күрделілігі, микродәнекерлеу мен бальзамдау технологиясының игерілуі, жібек матасының табылуы сақ қоғамының жоғары мәдени және технологиялық деңгейде болғанын бұлтартпас фактілермен бекітеді. Еңбекте көрсетілген сақтардың мемлекеттілігіне, аң стилінің автохтонды табиғаты және түркілік этногенетикалық байланыстарына қатысты батыл гипотезалар ғылыми ортада пікірталас тудыруы мүмкін болғанымен, олар жаңа эмпирикалық деректермен дәйектелген.

Еңбек археологтар, этнографтар, тарихшылар және жалпы Еуразия көшпелілерінің тарихымен айналысатын мамандар үшін аса құнды дереккөз болып табылады.

Мақала BR28713085 «Қазақстандық тарихшылар мен әдебиетшілердің шығармаларын талдау негізінде XX – XXI ғ. бірінші ширегіндегі зияткерлік тарихты кешенді пәнаралық зерттеу» атты бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру жоба аясында дайындалды

Әдебиеттер

1. Акишев К.А., 1978. Курган Иссык. Искусство саков Казахстана. М.: Искусство. 130 с.
2. Байболов Б., 1914. Курганы имеющиеся по Шиликтинской долине // Записки Семипалатинского подотдела Русского географического общества. Выпуск VIII. С. 6–7.
3. Боковенко Н.А., 1986. Некоторые особенности формирования погребального обряда ранних кочевников Саяно-Алтая // Скифская эпоха Алтая. Барнаул. С. 46–48.
4. Грязнов М.П., 1978. К вопросу о сложении культур скифо-сибирского типа в связи с открытием кургана Аржан // Ранние кочевники / КСИА. Вып. 154. М. С. 9–18.
5. Джумабекова Г.С., Базарбаева Ғ.А., 2017. Шілікті қорымы // Қазақстанның киелі орындарының географиясы / жалпы редакциясын басқарған Байтанаев Б.Ә. Алматы: Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты. 1 шығарылым. 875–878 бб.
6. Зинченко С.А., 2006. Иконография хищника породы кошачьих, свернувшегося в кольцо: варианты и модификации (на примере памятников Восточного Казахстана) // Современные проблемы археологии России: сб. материалов Всерос. археол. конф. Т. 2. Новосибирск: ИАЭ СО РАН. С. 297–299.
7. Кадырбаев М.К., 1966. Памятники тасмолинской культуры // Марғұлан А.Х., Акишев К.А., Кадырбаев М.К., Оразбаев А.М. Древняя культура Центрального Казахстана. Алма-Ата. С. 303–433.
8. Коншин Н., 1903. Памятники старины в Семипалатинской области // Записки Семипалатинского подотдела Русского географического общества. Выпуск 1. 32 с.
9. Костров Н., 1869. Раскопки старинных могил на Алтае // Томские губернские ведомости. № 29. С. 9–10.
10. Научная деятельность подотдела. Экспедиции, поездки, исследования, 1912 // Записки Семипалатинского подотдела Русского географического общества. Семипалатинск. Выпуск VI. С. 39–49.
11. Никитин В., 1902. Краткое описание памятников древностей Семипалатинской обл. // Известия Археологической комиссии. Вып. 2. С. 103–111.
12. Омаров Ғ.Қ., 2010. Алтай-Тарбағатай аралығындағы ерте темір дәуірінің археологиялық ескерткіштері (кезеңделуі, мерзімделуі және мәдени атрибуциясы): тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. Т. 1. Алматы. 145 б.
13. Скорняков Г., 1881. Сибирское обозрение // Сибирская газета. № 9. С. 258–262.
14. Төлеубаев А.Т., 2018. Раннесакская шиликтинская культура. Алматы: ИП «Садвакасов А.К.». 528 с.
15. Черников С.С., 1965. Загадка золотого кургана. Где и когда зародилось «скифское искусство». М.: Наука. 188 с.
16. Шульга П.И., 1999. Этнокультурная ситуация в Горном Алтае и северо-западных предгорьях в VII–III вв. до н.э. // Итоги изучения скифской эпохи Алтая и сопредельных территорий. Барнаул. С. 245–250.
17. Panyushkina I.P., Slyusarenko I.Y., Sala R., Deom J.M., Toleubayev A.T., 2016. Calendar Age of the Baigetobe Kurgan from the Iron Age Saka Cemetery in Shilikty Valley, Kazakhstan // Radiocarbon. Vol. 58. No. 1. Pp. 157–167. URL: <https://doi.org/10.1017/RDC.2015.15>

References

1. Akishev, K.A., 1978. Kurgan Issyk. Iskusstvo sakov Kazakhstan (Issyk Kurgan. The Art of the Sakas of Kazakhstan). Moscow: Iskusstvo. 130 p. [in Russian].
2. Baybolov, B., 1914. Kurgany imeyushchiesya po Shilikhtinskoy doline (Kurgans of the Shilikty Valley) // Zapiski Semipalatinskogo podotdela Russkogo geograficheskogo obshchestva. Issue VIII. pp. 6–7. [in Russian].
3. Bokovenko, N.A., 1986. Nekotorye osobennosti formirovaniya pogrebalnogo obryada rannikh kochevnikov Sayano-Altaya (Some features of the formation of the burial rite of early nomads of the Sayan-Altai) // Skifskaya epokha Altaya. Barnaul. pp. 46–48. [in Russian].

4. Gryaznov, M.P., 1978. К вопросу о slozhenii kultur skifo-sibirskogo tipa v svyazi s otkrytiyem kurgana Arzhan (On the formation of Scytho-Siberian cultures in connection with the discovery of the Arjan kurgan) // Ranniye kochevniki / KSIA. Issue 154. Moscow. pp. 9–18. [in Russian].
5. Dzhumabekova, G.S., Bazarbayeva G.A., 2017. Shilikti qorymy (Shilikti cemetery) // Qazaqstannyn kiyeli oryndarynyn geografiyas. Almaty: Archaeologia Institute. Issue I. pp. 875–878. [in Russian].
6. Zinchenko, S.A., 2006. Ikonografiya khishchnika porody koshachikh, svernuvsheysya v koltso: varianty i modifikatsii (Iconography of the ring-curled feline predator: variants and modifications) // Sovremennye problemy arkheologii Rossii. Vol. 2. Novosibirsk: IAE SB RAS. pp. 297–299. [in Russian].
7. Kadyrbayev, M.K., 1966. Pamyatniki tasmolinskoy kul'tury (Monuments of the Tasmola culture) // Drevnyaya kultura Tsentralnogo Kazakhstana. Alma-Ata. pp. 303–433. [in Russian].
8. Konshin, N., 1903. Pamyatniki stariny v Semipalatinskoy oblasti (Ancient monuments of the Semipalatinsk region) // Zapiski Semipalatinskogo podotdela Russkogo geograficheskogo obshchestva. Issue I. 32 p. [in Russian].
9. Kostrov, N., 1869. Raskopki starinnykh mogil na Altaye (Excavations of ancient graves in the Altai) // Tomskiye gubernskie vedomosti. No. 29. pp. 9–10. (in Russian)
10. Nauchnaya deyatel'nost' podotdela (Scientific activities of the sub-department), 1912 // Zapiski Semipalatinskogo podotdela usskogo geograficheskogo obshchestva. Semipalatinsk. Issue VI. pp. 39–49. [in Russian].
11. Nikitin, V., 1902. Kratkoye opisaniye pamyatnikov drevnostey Semipalatinskoy obl. (Brief description of antiquity monuments of the Semipalatinsk region) // Izvestiya Arkheologicheskoy komissii. Issue II. pp. 103–111. [in Russian].
12. Omarov, G.K., 2010. Altay-Tarbaghatay aralygyndaghy erte temir dauirinin arkheologiyalyk eskertkishteri (Archaeological monuments of the Early Iron Age between Altai and Tarbagatai): PhD thesis. Vol. 1. Almaty. 145 p. [in Kazakh].
13. Skornyakov, G., 1881. Sibirskoye obozreniye (Siberian review) // Sibirskaya gazeta. No. 9. pp. 258–262. [in Russian].
14. Toleubayev A.T., 2018. Rannesakskaya shiliktinskaya kultura (Early Saka Shilikti Culture). Almaty: IP Sadvakasov A.K. 528 p. [in Russian].
15. Chernikov, S.S., 1965. Zagadka zolotogo kurgana. Gde i kogda zarodilos' "skifskoye iskusstvo" (The Riddle of the Golden Kurgan). Moscow: Nauka. 188 p. (In Russian)
16. Shulga, P.I., 1999. Etnokulturnaya situatsiya v Gornom Altaye i severo-zapadnykh predgoryakh v VII–III vv. do n.e. (Ethnocultural situation in the Gorny Altai in the 7th–3rd centuries BC) // Itogi izucheniya skifskoy epokhi Altaya i sopredelnykh territoriy. Barnaul. pp. 245–250. [in Russian].
17. Panyushkina, I.P., Slyusarenko, I.Y., Sala, R., Deom, J.M., Toleubayev, A.T., 2016. Calendar Age of the Baigetobe Kurgan from the Iron Age Saka Cemetery in Shilikty Valley, Kazakhstan // Radiocarbon. Vol. 58. No. 1. pp. 157–167. URL: https://doi.org/10.1017/RDC.2015.15[https://www.google.com/search?q=https://doi.org/10.1017/RDC.2015.15] [in English].

***Жунисханов А.^{1,2}, Маслов Х.Б.¹, Курманғалиев А.³**

¹Национальный конгресс историков, Астана, Казахстан

²Назарбаев университет, Астана, Казахстан

³Национальный музей Республики Казахстан, Астана, Казахстан

*e-mail: aidyn.zhunisskhanov@nu.edu.kz

ОБЗОР НА МОНОГРАФИЮ А.Т. ТОЛЕУБАЕВА «РАНЕСАКСКАЯ ШИЛИКТИНСКАЯ КУЛЬТУРА»

Аннотация. В вышедшей в 2018 г. монографии А.Т. Толеубаева «Раннесакская Шиликтинская культура» рассматривается проблема формирования раннесакской культуры. На основе комплексного изучения элитарных памятников Шиликтинской

долины Восточного Казахстана (VIII–III вв. до н. э.) автор выделяет шиликтинские памятники в самостоятельную археологическую культуру и локализует её истоки в Шиликтинско-Тарбагатайском регионе. Кроме этого, в монографии выдвигаются дискуссионные тезисы о сакской государственности и генетической преемственности между саками и тюркскими народами. В рецензии анализируются замечания как общего теоретико-методологического характера, так и частные, касающиеся обоснованности указанных концепций. Авторы высоко оценивают источниковую базу монографии, её научную ценность и последовательность применения междисциплинарных методов исследования.

Ключевые слова: Восточный Казахстан, ранние саки, Шиликтинская культура, курган Байгетобе, междисциплинарное исследование, скифо-сибирский звериный стиль, социальная стратификация, этногенез, государственность саков.

Для цитирования: Жунисханов А., Маслов Х.Б., Курмангалиев А. Обзор на монографию А.Т. Толеубаева «Раннесакская Шиликтинская культура» // Мәдени мұра. 2026. №2 (113). С. 238-249 (каз)
DOI: <https://doi.org/10.47500/2026.v26.i2.19>

***Zhuniskhanov A.^{1,2}, Maslov Kh.¹, Kurmangaliyev A.³**

¹National Congress of Historians, Astana, Kazakhstan

²Nazarbayev University, Astana, Kazakhstan

³National Museum of the Republic of Kazakhstan, Astana, Kazakhstan

*e-mail: aidyn.zhunisskhanov@nu.edu.kz

REVIEW OF A.T. TOLEUBAYEV'S MONOGRAPH THE EARLY SAKA SHILIKTI CULTURE

Abstract. The 2018 monograph by A.T. Toleubayev, *The Early Saka Shilikti Culture*, examines the problem of the formation of early Saka culture. Based on a comprehensive study of the elite monuments of the Shilikti Valley in Eastern Kazakhstan (8th–3rd centuries BCE), the author identifies the Shilikti monuments as a distinct archaeological culture and locates its origins in the Shilikti-Tarbagatai region. In addition, the monograph advances controversial theses concerning Saka statehood and the genetic continuity between the Sakas and the Turkic peoples. The review discusses both general theoretical and methodological issues and specific remarks concerning the validity of the proposed concepts. The authors highly regard the monograph's source base, its scholarly value, and the consistency with which interdisciplinary research methods are applied.

Keywords: Eastern Kazakhstan, Early Saka, Shilikti culture, Baigetobe kurgan, interdisciplinary research, Scytho-Siberian animal style, social stratification, ethnogenesis, Saka statehood.

For citation: Zhuniskhanov A., Maslov Kh.B., Kurmangaliyev A. Review of A.T. Toleubayev's *The Early Saka Shilikti Culture* // *Madeni mura*. 2026. №2 (113). pp. 238-249 (in Kaz.)
DOI: <https://doi.org/10.47500/2026.v26.i2.19>

Авторлар туралы мәлімет:

Жунисханов Айдын, докторант, Тарихшылардың ұлттық конгресі, Назарбаев Университетінің Қазақ тілі және түркітану департаментінің оқытушы ассистенті, Астана, Қазақстан.
ORCID: 0000-0002-6452-3551
Scopus ID: 57200107801

Маслов Халил, PhD, Тарихшылардың ұлттық конгресі, жетекші ғылыми қызметкер, «Алаш» ғылыми-зерттеу институты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.
ORCID: 0000-0003-2027-0078
Scopus ID: 56366185600

Құрманғалиев Арман, археология магистрі, Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінің ғылыми қызметкері, Астана, Қазақстан.
ORCID: 0000-0002-7492-0331
Scopus ID: 60101041900

Сведения об авторах:

Жунисханов Айдын, докторант, Национальный конгресс историков, ассистент преподавателя департамента казахского языка и тюркологии Назарбаев Университета, Астана, Казахстан.

ORCID: 0000-0002-6452-3551

Scopus ID: 57200107801

Маслов Халил, PhD, Национальный конгресс историков, ведущий научный сотрудник НИИ «Алаш», Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.

ORCID: 0000-0003-2027-0078

Scopus ID: 56366185600

Құрманғалиев Арман, магистр археологии, научный сотрудник Национального музея Республики Казахстан, Астана, Казахстан.

ORCID: 0000-0002-7492-0331

Scopus ID: 60101041900

Information about authors:

Aidyn Zhuniskhanov, PhD student, National Congress of Historians, Teaching Assistant at the Department of Kazakh Language and Turkology, Nazarbayev University, Astana, Kazakhstan.

ORCID: 0000-0002-6452-3551

Scopus ID: 57200107801

Khalil Maslov, PhD, National Congress of Historians, Leading Researcher, Alash Research Institute, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

ORCID: 0000-0003-2027-0078

Scopus ID: 56366185600

Arman Kurmangaliyev, Master of Archaeology, Research Fellow at the National Museum of the Republic of Kazakhstan, Astana, Kazakhstan.

ORCID: 0000-0002-7492-0331

Scopus ID: 60101041900